



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201_ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Астана, Мәжілис Парламента

«__» _____ 201_ года

№ _____

№ исх: ДС-83 от: 30.03.2017

2017 жылғы 29 наурызда

жарияланды

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрі

Б.Ә. Сағынтаевқа

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

2017 жылғы қаңтар айында Парламент Мәжілісінің депутаттары Оңтүстік Қазақстан облысына іссапарға барып, жергілікті халықпен кездесу кезінде Сарыағаш, Абай, Қызыләскер елді мекендерінің маңында жол қатынасын реттеу мәселесі көтерілді.

Қазіргі таңда көрші мемлекеттердің азаматтары, сонымен қатар Мақтарал, Сарыағаш және Шардара аудандарының 700 мыңнан астам 12 елді мекен тұрғындары А-15 «Жызақ-Жетісай-Сарыағаш-Жібек жолы» автожолы арқылы қатынайды.

Аталған автожолмен Қонысбаев кедендік өткізу бекеті арқылы өтетін Өзбекстан, Ауғанстан, Иран, Біріккен Араб Әмірлігі, Түркия және т.б. оңтүстік елдердің «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік жүк көліктері де қатынайды. Мәселен, 2016 жылы осы жол арқылы 42 000-нан астам транзиттік жүк көлігі жүрген. Оның үстіне, Мақтарал ауданында жылына 1 млн. тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа әкету, оған сырттан құрылыс және басқа да материалдарды әкелу үшін келетін ауыр жүк көліктері де жолға нормадан артық салмақ түсіруде.

«Жызақ-Жетісай-Сарыағаш-Жібек жолы» автожолы үшінші санаттағы жол болып табылады. Оның өткізу қарқындылығы нақты қалыптасқан жағдайдан көп төмен болып отыр. Мәселен, қолданыстағы Қазақстан Республикасының 3.03-09-2006 Нормативтер және қағидалар жиынтығына сәйкес үшінші санаттағы жолдан тәулігіне 3 000 көлікке дейін өтуі қажет. Алайда, қазіргі таңда аталған жолдан бір тәулікте өтетін көлік саны 27 000 көлікті құрап, нормадан 9 есе асып отыр. Соның салдарынан 2015-2016 жылдары осы жолда 343 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 505 адам

жарақат алып, 77-сы қайтыс болған.

Осыған байланысты ұзындығы 56 км болатын бірінші санатты айналма жол салу және күніне 120 жүк көлігі өтетін Қонысбаев кедендік бекетіне дейінгі 68 км жолды жаңарту қажеттігі туындап отыр.

Осы айналма жолдың жаңа құрылысы техникалық-экономикалық негіздемесін облыстық бюджет есебінен дайындауға әзір екендігі туралы ОҚО әкімдігі тарапынан Сіздің атыңызға 2017 жылғы 2 ақпанда №24/859 хат жолданған.

Алайда, мәселе әлі шешілмей отыр, ал уақыттың созылуы аталған жолдың тасымалдау-пайдалану сапасының нашарлауына алып келетіні әрі көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кері әсерін тигізетіні сөзсіз.

Осы орайда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында транзиттік тасымалдаудан түсетін табысты 5,5 есеге көбейту тапсырмасына сәйкес аталған жолды болашақта шетелдік транзиттік көліктер үшін ақылы ету мәселесін де қарастырған дұрыс деп пайымдаймыз.

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы! Осы жолды басқа санатқа ауыстыру мәселесін қарастырып, шешуге ықпал етуіңізді сұраймыз.

Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жазбаша жауап күтеміз.

**Құрметпен,
Депутаттар, «Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері**

А. Смағұлов

Б. Ертаев

Б. Жылқышиев

Қ. Қаракен

У. Қайназаров

М. Махамбетов

В. Олейник

Б. Оспанов

С. Сейдуманов

Г. Щегельский